С.Сейфуллиннің 120 жылдығына арналған **«Сейфуллин оқулары–10: Мемлекеттің индустриалды–инновациялық саясатын құрудағы бәсекеге қабілетті кадрларды дайындау келешегі мен ғылымның рөлі**» атты Халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения–10: Новые перспективы подготовки конкурентоспособных кадров и роль науки в формировании индустриально-инновационной политики страны»,** посвященная 120-летию со дня рождения С.Сейфуллина**.** – 2014. – Т.I, ч.2. – Б.211

ЛАНДШАФТТЫҚ ДИЗАЙННЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ МАҢЫЗЫ

Нұрлаби А.

Қазіргі заманда техниканың дамып, адам баласына пайдасы мен зиянын келтіріп жатқаны бәрімізге мәлім. Дамып келе жатқан елордамыздың зәулім үйлері, өндіріс орындары және көліктің көбеюі қала тұрғындарына әсерін тигізеді. Адам әрекеттерінің табиғатқа кері әсерін түзетуде және келеңсіз проблемаларды болдырмаудың амалын шешу жолында ландшафттық дизайнныңатқаратын маңызы зор. Ол дегеніміз - әдемілік пен үйлесімділікті бірлестіретін өнер.Оның маңызын қазіргі кезде ғана емес, осыдан мыңдаған жылдар бұрын ежелгі мемлекеттерде білген.

Ландшафтдизайныныңбақша, саябақ өнерінің тарихын еске алғанда ежелгі Мысыр мен Вавилон елдері түседі. Мысыр елінің бақша, саябақ туралы деректері 2780-2550 және 2160-1788 б.з.б. жатады. Мысыр елі бақша және саябақ өнері ең алғаш пайда болған елдердердің бірі болып есептелінеді. Ең әйгілі Клеопатраның үлкен бақшалары болып табылады.Бұл бақшаларда құрма пальмалары, інжір, анар, акация, жемісті ағаштар отырғызылған.Тигр мен Евфрат өзендерінің арасындағы қазіргі кездегі Иранның территориясында ассириялық және вавилондар тұрған.Осыдан 2340 б.з.б. Гудеа есімді шумер тақсыры жүзім ағаштарын отырғызған.Вавилон жерінен дүниенің жеті кереметінің бірі «аспалы бақты» айтып кетуге болады. Бұл бақ Ассирия ханшасы Семирамида атымен байланысты.Алайда, мыңдаған жылдар, ғасырлар өте келе «аспалы бақ» қирап, қазіргі кезге дейін сақталмаған. Міне, ландшафттық дизайн, бақша және саябақ өнерінің маңыздылығын осы деректерден білуге болады.

Қазіргі заманға оралатын болсақ, ландшафттық дизайн біздің заманымызда өте үлкен және қалаларды көгалдандырып, абаттандырып жатқан салалардын бірі деп айтуға болады. Ландшафттық дизайн және бақша, саябақ салалары елордамызда да дамып келуде. Астана маңайы, сырты, көшелері, ғимараттары көгалданып, қаланың ішіндегі әсем сквер және бульварлар, саябақтар көбейіп келе жатыр.Мысалы, Астанада гүлдер мен ландшафттық дизайн бойынша «Astana Flor Expo-2010»атты халықаралық көрме ашылды. Бұл шараға көптеген елдер қатысты. Көрменің мақсаты – гүл шаруашылығында, бақтар мен саябақтар құрылысында, ландшафттық сәулет пен көгалдандыру кәсібінде әлемдік тәжірибелермен бөлісу, өндірушілер мен тұтынушыларға ақпарат алмасу алаңын ұсыну,Қазақстанда гүл бизнесін және ландшафттық дизайнді дамытуға мұндай көрменің орны бөлек.

Ландшафттық дизайнның маңыздылығын тек осындай көрмелер арқылы ғана емес, сонымен қатар адам өмірінде үлкен рөл атқаратынын айтып кетуге болады. Бүгінгі ландшафттық дизайн,сол баяғы жүз, екі жүз жыл бұрынғыдай, өз уақытының философиялық және дүниетанымдық идеяларын білдіреді. Қазіргі стилистика, классикалық стильдерге қарағанда, еркіндеу және іске асыру жағынан жеңілдеу келеді, бірақ жаңа идеялар және инновациялық технологиялармен бірталай құнарландырылған.

Адам өмірі табиғатпен және өсімдік әлемімен тығыз байланысты болғандықтан өмір сүріп жатқан ортамызды бүгінгі күннің талабына сай етіп көркейтуге, таза ұстауға қандай амал-тәсілдер қолдануға болатындығын, қоршаған ортаны көгалдандырып, ағаш көшеттерін отырғызудың да ерекше тәсілдерінің бар екенінландшафттық дизайнның көмегімен біле аламыз.